

FinePower

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ



**FinePower**  
**GTE0220/GTE0320**  
**електр триммері**

# Мазмұны

Сақтық шаралары .....	5
Құрылғы схемасы.....	7
Жұмысқа дайындық.....	8
Қорғаныш қаптамасын орнату.....	8
Тұтқаны орнату.....	8
Иық бауды бекіту .....	8
Кескіш элементті орнату. ....	9
Кесу жібін ауыстыру .....	9
Құрылғымен жұмыс істеу .....	10
Техникалық қызмет көрсету.....	11
Техникалық сипаттамасы .....	11
Жиынтық.....	11
Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары .....	12
Қосымша ақпарат .....	12

# Құрметті сатып алушы!

«FinePower» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Триммер бау-бақшалардағы, көгалдардағы, гүлзарлардың, шарбақтардың қасындағы және дөңгелекті көгал шапқыштар баруы қиын басқа жерлердегі шөпті шабуға және тегістеуге арналған.

## Сақтық шаралары


- Бұл құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Пайдаланудан бұрын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз.
- Бұл нұсқаулықты кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- Триммермен жұмыс істеген кезде абайлаңыз. Спиртті ішімдіктерді, дәрі-дәрмектерді қабылдағаннан кейін немесе шаршап тұрғанда триммерді пайдаланбаңыз. Триммермен жұмыс істегенде бір сәтке концентрацияны жоғалту ауыр жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғану құралдарын пайдаланыңыз, мысалы, қорғаныш көзілдірігі, шаңнан қорғайтын маскалар, табаны таймайтын қауіпсіз биік аяқ киім, қорғаныш каскасы және құлаққап.
- Жарамды киім киіңіз. Кең киімді немесе әшекейлерді кимеңіз, шаш, киім немесе қолғап триммердің айналмалы бөліктерінен қауіпсіз қашықтықта болуы тиіс.
- Триммерді орнатылған жүктемелерге сәйкес көрсетілген мақсатта пайдаланыңыз.
- Ажыратып-қосқыштың көмегімен ажырату немесе қосу мүмкін болмаса, триммерді пайдаланбаңыз.
- Аксессуарларды ауыстыру, жинау кезінде және т.б. жағдайларда триммерді электр желісінен ажыратыңыз. Бұл сақтық шарасы құрылғының кенеттен қосылу қаупін азайтады.
- Триммерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балаларға және нұсқаулықпен таныспаған адамдарға триммерді пайдалануға рұқсат етпеңіз.
- Әрқашан триммердің ақаусыз күйде болуын қадағалаңыз, әйтпесе ол жарақат алуға себепші болуы мүмкін.
- Құрылғыны электр қуат көзінің желісіне қосудан бұрын, айналмалы элементтердің зақымдалмағанын және кесу жібі бар шөлнектің дұрыс салынғанын және бекітілгенін тексеріңіз.
- Кескіш элементі ақаулы триммерді пайдаланбаңыз.
- Триммерді қосудан бұрын нейлоннан жасалған кесу жібінің тастарға немесе басқа қатты заттарға тимеуіне көз жеткізіңіз.
- Жұмыс істеп тұрған триммердің кескіш элементін өзіңізден алысырақ ұстаңыз.
- Триммер жұмыс күйінде тұрмаса (мысалы, кескіш элементі жоғары қарай көтерілген), оны қоспаңыз.

- Мына жағдайларда триммерді өшіріңіз және оны электр қуат көзінің желісінен ажыратыңыз: жұмыс аяқталғаннан кейін; триммерді қараусыз қалдырғанда; ол жұмыс істемей қалған кезде тексергенде; электр кәбілі зақымдалғанда, кесу жібі бар шөлнекті шығару және ауыстыру кезінде; триммерді басқа жерге тасымалдағанда.
- Триммердің жұмыс аймағында басқа адамдардың, балалардың үй жануарларының болмауын қадағалау керек, себебі триммер кесетін және тастайтын шөпте тастар немесе басқа қатты заттар болуы мүмкін.
- Жұмыс аймағынан сымдарды, тастарды және басқа бөгде заттарды алдын ала жою керек.
- Жұмыс барысында триммердің кескіш элементін қатты заттарға тигізбеу керек. Әйтпесе триммер зақымдалып, істен шығуы мүмкін.
- Триммерді ешқашан қорғаныш қаптамасынсыз пайдаланбаңыз. Қорғаныш қаптамасы сіздің қауіпсіздігіңіз және басқа адамдардың қауіпсіздігі үшін және триммердің ақаусыз жұмыс істеуі үшін қажет. Триммерді тек қорғаныш қаптамасымен пайдалану туралы талапты орындамау қауіпті болады және құрылғыға берілетін кепілдіктің күшін жояды.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** триммерді өшіргеннен кейін оның кесу жібі бірнеше секунд айналып тұрады. Кескіш элементтің айналып тұрған кесу жібін қолмен тоқтатуға тыйым салынады. Өзі тоқтағанша күтіңіз.

- Қимасы сәйкес келетін кесу жібін ғана пайдаланыңыз, нейлоннан жасалған кесу жібінің орнына ешқашан металл сымды пайдаланбаңыз.
- Қабырғаларда немесе тастарда өсетін шөпті кесу үшін триммерді пайдаланбаңыз.
- Тәуліктің жарық кезінде немесе жеткілікті жасанды жарықта жұмыс істеңіз.
- Жауын-шашын кезінде триммерді пайдалануға тыйым салынады. Ылғал немесе су шөпті шаппаңыз.
- Тік бөктерлердегі шөпті шабу құлауға және жарақат алуға әкелуі мүмкін. Бөктерде шөпті көлденеңінен ғана шабыңыз, жоғары-төмен шаппаңыз.
- Кері бағытта шөп шапқанда, артқа жылжығанда аса абай болыңыз.
- Көгәлдардың жиектеріндегі, шарбақтар мен үйінділердің жанындағы шөпті шапқанда жарақат алу қаупі пайда болады. Қауіптілігі жоғары орындардан қауіпсіз қашықтықты сақтаңыз.
- Триммерді бір территориядан екіншісіне тасымалдағанда қозғалтқышты міндетті түрде өшіріңіз және құрылғыны электр қуат көзінің желісінен ажыратыңыз.
- Жұмыс істеп тұрған триммерді кескіш элементін тігінен төмен қаратып ұстаңыз. Басқа кез келген күй қауіпті болады.
- Триммердің болттық қосылымдарын жүйелі түрде тексеріңіз.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін триммердің бетін шөптен тазалауды ұмытпаңыз.
- Осы нұсқаулықтағы талаптарды орындамай құрылғыны пайдалануға байланысты болған зақымдар үшін өндіруші жауап бермейді.
- Қауіпсіздік техникасын сақтаңыз, жинау және пайдалану жөніндегі нұсқауларды орындаңыз. Құрылғыны пайдаланатын адамдар осы нұсқаулармен танысуы керек.
- Құрылғыны бөлшектеуге әрекет жасамаңыз және оған ешқандай өзгерістер енгізбеңіз. Мұндай өзгерістерге байланысты болған жарақаттар мен зақымдар үшін өндіруші жауап бермейді.

## Құрылғы схемасы



1. Қозғалтқыштың корпусы.
2. Қуат кәбілі.
3. Іске қосу ажыратып-қосқышы.
4. Жоғарғы штанга.
5. Ажырымалы жалғастырғыш.
6. Жалғастырғыш бекіткіші.
7. Қорғаныш қаптамасы.
8. Кескіш элемент.
9. Төменгі штанга.
10. Тұтқа.

## Жұмысқа дайындық

Бұйымды жинаудан бұрын оның электр қуат көзінің желісінен ажыратылғанын тексеріңіз.

### Қорғаныш қаптамасын орнату


Қорғаныш қаптамасын (7) төменгі штанғаға (9) құрамдас бөлшектердің көмегімен орнатыңыз. Берік бекітілгенін тексеріңіз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: қорғаныш қаптамасын орнатқан кезде** жіпті кесетін пышаққа тимеу керек. Бұл ережені орындамау жарақат алуға әкелуі мүмкін.



### Тұтқаны орнату

Тұтқаны (10) құрамдас бөлшектердің көмегімен орнатыңыз. Тұтқаны триммердің ауырлық орталығында орналастыруға тырысыңыз.



### Иық бауды бекіту



Жиынтықта бар иық бауды қозғалтқыштың корпусына (1) бекітіңіз.





## Кескіш элементті орнату

Жиынтыққа кіретін кілт-бұрағыш көмегімен бекіткіш элементті төменгі штанганың ұшына бекітіңіз. Жоғарыдан штифтке орнатыңыз және кесу жібі бар шарғыны немесе дискіні сағат тілінің бағыты бойынша бұраңыз.



## Кесу жібін ауыстыру

- Шарғыны алыңыз, шөлнекті шығарыңыз және кесу жібінің, ластың немесе шөптің қалдығын алып тастаңыз.
- Кесу жібінің 5—6 метрін өлшеңіз және оны екіге бүктеңіз.
- Кесу жібінің ілмегін шөлнектің ортаңғы қырындағы технологиялық тесікке іліп алыңыз.
- Кесу жібін шөлнектегі көрсеткіште көрсетілген бағытта ораңыз.
- Ұзындығы 10—15 см кесу жібінің ұштарын шөлнектегі ойықтарға бекітіңіз.
- Серіппені орнатыңыз және кесу жібінің ұштарын шарғының корпусындағы тесіктерге өткізіңіз.
- Шөлнекті шарғының корпусына қайта орнатыңыз.
- Шарғыны ұстап тұрып, кесу жібін шөлнектің ұстап тұрған ойықтарынан босату үшін жіптің екі ұшынан тартыңыз.
- Шарғыны триммерге орнатыңыз.



## Құрылғымен жұмыс істеу

Триммерді пайдалануды бастаудан бұрын триммердің барлық бөлшектері жұмысқа жарамды күйде екенін тексеріңіз.

1. Кесу жібінің қорғаныш қаптамасының шегінен шығу деңгейін тексеріңіз. Егер кесу жібі тым қысқа болса, шарғыны бір қолыңызға қойып, екінші қолыңызбен шарғыдағы басты басыңыз және кесу жібін қажетті ұзындыққа тартыңыз. Кесу жібінің екінші ұшын қажетті ұзындыққа дейін түзету үшін әрекеттерді қайталаңыз.



**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** кесу жібінің ұзындығын түзету кезінде кесу жібін кесуге арналған пышақтан сақ болыңыз.

2. Триммер кәбілінің ашасын ұзартқыш кәбілдің ұяшығына салыңыз. Ұзартқышты тігінен ұстаңыз.
3. Тұрақты күйде тұрыңыз, триммерді қолмен берік ұстаңыз. Құрылғыны шөпке тигізбей, жоғарғы тұтқадағы ажыратып-қосқыштың көмегімен триммерді қосыңыз. Кесу жібі тураланғанша және созылғанша қосылған құрылғыны бірнеше секунд шөпке тигізбей тұрыңыз.
4. Триммерді шарғы жер бетіне параллель болатын етіп ұстаңыз. Жұмыс кезінде триммерді оңнан солға қарай жылжытыңыз.
5. Биік шөрті шапқанда триммер қызып кетуі және істен шығуы мүмкін. Шөп шабу процесін шабу деңгейін біртіндеп төмендету арқылы бірнеше кезеңге бөліңіз.
6. Шөпті жаңбыр жауып тұрғанда немесе жаңбыр және т.б. аяқталған кезде шаппаңыз.

## Техникалық қызмет көрсету

- Бұл құрылғы минимал техникалық қызмет көрсетумен ұзақ уақыт жұмыс істеуге арналған. Құралдың қызмет мерзімі мен сенімділігі оған дұрыс күтім жасағанда және оны жүйелі түрде тазалағанда артады.
- Жарақат алуды болдырмау үшін триммердің элементтерін орнатудан және ажыратудан бұрын құрылғыны өшіріңіз және оны электр қуат көзінен ажыратыңыз. Құралдың кездейсоқ қосылуы жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін элементтер жоқ. Құралдың қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін жөндеу немесе реттеу жұмыстарын мамандандырылған қызмет көрсету орталықтарында жүргізу керек.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін триммердің корпусынан лас пен шөп қалдықтарын кетіру ұсынылады.

### **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: қорғаныш қаптамасын тазалаған кезде абайлаңыз.**

Қолды жарақаттап алмау үшін қолғап киіңіз.

- Триммердің электр қозғалтқышының корпусының желдеткіш арналарын тексеріңіз және уақтылы тазалаңыз.

## Техникалық сипаттамасы

Үлгісі	GTE0220	GTE0320
Желі пфрфметрлері, В, Гц	220 - 240, 50	220 - 240, 50
Номинал қуат, Вт	1200	1500
Айналымдар, айн/мин	7500	7500
Кесу жібімен өңдеу ені, мм	380	420
Пышақпен өңдеу ені, мм	255	255
Кесу жібінің қалыңдығы, мм	2,4	2,4

## Жиынтық

- Құрылғы.
- Кесу жібі бар шөлнек.
- Пышақ 255 мм.
- Иық бау.
- Қорғаныш қаптамасы.
- Кілт-бұрағыш.
- Пайдаланушыға арналған нұсқаулық.

# Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты түрде бекітуді қажет етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Бөлмелерде коррозияға әкелетін агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы керек.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғыны ұқыпты пайдалану қажет, оны ластанудың, соққының, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақау пайда болса, дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны утилизациялаңыз.
- Осы бұйымның утилизациялануы қалдықтарды қайта өңдеудің жергілікті нормалары мен ережелеріне сәйкес жүргізілуі тиіс. Осы бұйымның дұрыс утилизациялануын қамтамасыз етіп, Сіз қалдықтарды бақылаусыз тастау нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және утилизациялау орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығарушы кәсіпорыннан алуға болады.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Чжэцзян Сафан Индастриал Ко., Лтд.

Минъюань оңтүстік даңғылы, 7, Юнкан экономикалық даму аймағы, Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортёр/юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарка, зд. 12, Казахстан.

**Импорртаушы/Қазақстанда шағымдарды қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғылы, 12-ғимарат, Қазақстан.

Құрылғының сыртқы көрінісі, оның сипаттамалары мен жиынтығы пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төменвольтық жабдықтың қауіпсіздігі туралы» 004/2011 КО ТР;
- «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» 010/2011 КО ТР;
- «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі» 020/2011 КО ТР.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.3

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде көрсетілген керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат көзі элементтері (батареялар).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған адаптерлер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық қамтамасыз ету (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждауға арналған керек-жарақтар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығыс материалдары мен бөлшектері.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерін орындамайды:**

- Кепілдік мерзімі өтіп кеткен.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей тағайындалуына сәйкес келмейтін өзге де мақсаттарда пайдаланылса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы басшылығының талаптарын, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды бұзу, қосу (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау қағидаларын сақтамау салдарынан өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған зақымданулар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, жапырылу және т.б.
- Мұндай жұмыстарды жүргізуге уәкілеттігі жоқ адамдардың бөгде модификациясының, рұқсатсыз жөндеудің іздері бар. Егер ақау өнімнің дизайнының немесе схемасының өзгеруіне, Өндіруші көздемеген сыртқы құрылғылардың қосылуына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалануға байланысты болса.
- Егер өнімнің ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғат апаттары, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмайтын үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса. Өнімнің ішіне бөгде заттардың, бөтен дененің, заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың енуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температурадан пайда болған ақау өнімнің толық немесе ішінара істен шығуына әкелді.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық құралдың әсерінен; БҚ жеткізушінің осы қызметті ұсынуының болмауына байланысты олардан арылту/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) орнату, ауыстыру немесе жоюдан туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулары қуат беретін, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттерге сәйкес келмеуінен, оның ішінде рельеф ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымдалулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымдалған) тұтыну материалдарын, керек-жарақтарын, қосалқы бөлшектерді, қуат көзі элементтерін, әртүрлі ақпарат тасымалдағыштарды (соның ішінде, CD, DVD дискілері, жад карталары, SIM карталары, картридждер) пайдалануға байланысты болғанда.
- Егер кемшіліктер сәйкес келмейтін контентті (әуендер, графика, видео және басқа файлдар, Java қосымшалары және соларға ұқсас бағдарламалар) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты болса.
- Осы бұйыммен түйіндесіп жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.





